

1996 жылғы 12 маусымдағы Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 182-VI ҚРЗ.

1996 жылғы 12 маусымдағы Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2017 жылғы 23 наурызда Астанада жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

1996 жылғы 12 маусымдағы Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама

(2018 жылғы 10 қазанда қүшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2018 ж., № 6, 74-күжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

1996 жылғы 12 маусымда Алматы қ. қол қойылған Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге (бұдан әрі - Келісім) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасында хаттаманы жасасуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 2-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Келісім қолданылатын салықтар мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасында:

(I) корпоративтік табыс салығы;

- (II) жеке табыс салығы;
 - (III) занды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық (бұдан әрі "Қазақстан салықтары" ретінде аталатындар);
- Өзбекстан Республикасында:
- (I) занды тұлғалардың пайдасына салынатын салық;
 - (II) жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;
 - (III) мүлік салығы
- (бұдан әрі "Өзбекстан салықтары" ретінде аталатындар).".

2-бап

1. Келісімнің 3-бабының 1-тармағы а) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында пайдаланған кезде "Қазақстан" деген термин Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және өзінің заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақты білдіреді;".

2. Келісімнің 3-бабы 1-тармағының е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) "Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды білдіреді;".

3. Келісімнің 3-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы Уағдаласуши Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес кез келген мағына осы Уағдаласуши Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан басым болады.".

3-бап

Келісімнің 4-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол оның нақты басқару орны орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.".

4-бап

1. Келісімнің 5-бабының 2-тармағына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) с) тармақшасындағы "кеңсе" деген сөз "офис" деген сөзben ауыстырылсын;

2) f) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"f) шахта, кеніш, мұнай немесе газ ұнғымасы, карьер, қондырғы, құрылыш (бұрғылау қондырғысын қоса алғанда), теңіз кемесі немесе табиғи ресурстарды барлайтын немесе өндіретін кез келген басқа орын, сондай-ақ осыған байланысты көрсетілетін қадағалау қызметтері;";

3) мынадай мазмұндағы g) тармақшасымен толықтырылсын:

"g) қойма немесе тауарларды өткізетін өзге орын.".

2. Келісімнің 5-бабының 3-тармағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) b) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"b) Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнының қызметшілер немесе кәсіпорын осы мақсат үшін жалдаған басқа персонал арқылы консультациялық немесе басқарушылық қызметтер көрсетуін қоса алғанда, қызметтер көрсету, бірақ осындай сипаттағы қызмет (бір жоба немесе онымен байланысты жоба үшін) екінші Уағдаласуши Мемлекет аумағында жиынтығында 12 айдан асатын кезең немесе кезендер ішінде жалғасатын болса ғана.".

2) c) тармақшасы алып тасталсын.

3. Келісімнің 5-бабының 6-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Алайда, мұндай агенттің қызметі осындай кәсіпорынның атынан толық немесе толық дерлік орындалатын болса, онда ол осы тармаққа сәйкес тәуелсіз мәртебесі бар агент болып есептелмейді.".

4. Келісімнің 5-бабы мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласуши Мемлекеттің сақтандыру ұйымы, егер ол екінші Уағдаласуши Мемлекеттің аумағында жарна жинаумен айналысса немесе онда бола тұрып, осы баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы тәуекелдерді сақтандырса, қайта сақтандыруды қоспағанда, екінші Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты мекеме құрады.".

5-бап

Келісімнің 7-бабының 3-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осыған ұқсас, резиденттің бас мекемесінен (офисінен) немесе оның кез келген басқа мекемелерінен (офистерінен) патенттерді немесе басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, алымдар немесе осыған ұқсас төлемдер түрінде, нақты көрсеткен қызметтері немесе менеджмент үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе бас мекемесіне (офисіне) немесе оның кез келген басқа мекемелеріне (офистеріне) несиеге берілген сомага пайыздар түрінде алған сомалар тұрақты мекеменің пайдасына қосылмауға тиіс.".

6-бап

Келісімнің 9-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер бір Уағдаласуши Мемлекет осы Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының пайдасына екінші Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынатын пайдасын қосса және оған тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда, егер екі кәсіпорнының арасындағы жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдан болғанда бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болып табылса, онда осы екінші Уағдаласуши Мемлекет осындай пайдадан есептелген салық сомасына тиісінше түзету енгізеді. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа ережелері ескеріледі, ал Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары, қажет болған кезде бірімен-бірі консультация жүргізіп отырады.".

7-бап

Осы Келісімнің 10-бабы мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Егер акцияларды немесе дивидендтер төлеуге қатысты басқа құқықтарды құруға немесе бөлуге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы бапқа сәйкес осындай құру немесе бөлу жолымен пайда табу болып табылса, осы баптың ережелері қолданылмайды".

8-бап

1. Келісімнің 11-бабының 3-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) проценттердің нақты алушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Өзбекстан Республикасының Орталық банкі, мемлекеттік экспорттық және импорттық кредиттерге кепілдік беру жөніндегі ұйым немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің Үкіметіне толығымен тиесілі өзге де қаржы ұйымдары болып табылса, Уағдаласуши Мемлекетте туындаған проценттер осы Мемлекетте салықтан босатылады".

2. Келісімнің 11-бабының 4-тармағындағы мынадай мазмұндағы сөйлем алып тасталсын:

"Уақтылы төленбекен төлемдер үшін айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды".

3. Келісімнің 11-бабының 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер төлеуші осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласуши Мемлекетте туындаған болып есептеледі. Алайда, егер

проценттерді төлейтін тұлға Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатындығына немесе табылмайтындығына қарамастан, Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болып, соған байланысты проценттерді төлеу бойынша міндеттеме туындаса және мұндай проценттер бойынша шығыстарды осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте туындаған болып есептеледі.".

9-бап

Келісімнің 12-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер төлеуші осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласуши Мемлекетте туындаған болып есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатындығына немесе табылмайтындығына қарамастан, Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болып, соған байланысты роялтиді төлеу бойынша міндеттеме туындаса және мұндай роялти бойынша шығыстарды осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан сол Уағдаласуши Мемлекетте туындаған болып есептеледі.".

10-бап

1. Келісімнің 13-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бір Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен өз құнының 50 пайзызынан астамын тікелей немесе жанама түрде алатын компания капиталындағы акцияларын, қатысу үлесін немесе өзге де құқықтарын иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.".

2. Келісімнің 13-бабы мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың алдыңғы тармақтарында көзделгендергіден өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.".

11-бап

14-баптың 1-тармағының а) және б) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"а) жеке тұлғаның өзінің қызметін жүзеге асыру мақсаттары үшін екінші Уағдаласуши Мемлекетте өз иелігіндегі тұрақты базасы бар болса немесе бұрын болған болса, мұндай жағдайда табыстың осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне ғана; немесе

b) жеке тұлға екінші Уағдаласуышы Мемлекетте кез келген 12 айлық кезеңінің ішінде жалпы алғанда 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер бойы болса немесе болған болса, мұндай жағдайда осы екінші Уағдаласуышы Мемлекетте көрсетілген қызметтерге қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.".

12-бап

21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап Басқа табыстар

1. Бір Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентінің осы Келісімнің басқа баптарында көзделмеген табыс тұрлеріне, олардың қайда туындағанына қарамастан, тек осы Уағдаласуышы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табысты қоспағанда, егер мұндай табысты алушы бір Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласуышы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы қәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласуышы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты табыс төленетін құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, ол табыстарға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға қарай осы Келісімнің 7 немесе 14-баптарының ережелері қолданылады.".

13-бап

Келісімнің 26-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап Ақпарат алмасу

"1. Уағдаласуышы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе салық салу осы Келісімге қайшы келмейтіндей шамада Уағдаласуышы Мемлекеттердің немесе олардың әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнаманы қолдану үшін қажетті ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласуышы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласуышы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алушмен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен де және жоғарыда көрсетілгендердің барлығын

қадағалаумен де айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана жария етіледі. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар бұл ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде жария ете алады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармағының ережелері Уағдаласуши Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты ұсыну;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа қайшы келуі мүмкін ақпаратты ұсыну міндеттемелерін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты осы бапқа сәйкес бір Уағдаласуши Мемлекет сұратса, екінші Уағдаласуши Мемлекет осындай ақпарат тіпті осы екінші Уағдаласуши Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін қажет болмаса да, сұрау салынған ақпаратты жинау жөнінде шаралар қолданады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеулеріне түседі, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласуши Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мұдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндірілмейді.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері ақпарат иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл болып әрекет ететін тұлға ақпарат иесі болып табылатындығы себебінен немесе ақпарат меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы себебінен Уағдаласуши Мемлекетке ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндірілмейді".

14-бап

Келісімнің 27-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап Салықтарды өндіріп алуға жәрдемдесу

1. Уағдаласуши Мемлекеттер өздеріне тиесілі салық міндеттемелерін өндіріп алуша бір-біріне өзара жәрдемдесіп отырады. Мұндай жәрдемдесу осы Келісімнің 1 және 2-баптарының ережелерімен шектеліп қалмайды. Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары осы баптың қолданылу тәртібін өзара келісім бойынша айқындаиды.

2. Тиісті салықтарды салу осы Келісімге немесе Уағдаласуши Мемлекеттер қатысуышылары болып табылатын кез келген өзге халықаралық шартқа қайшы келмейтіндей шамада "Салық міндеттемесі" термині осы бапта қолданылған кезде

Уағдаласуши Мемлекеттердің әрқайсының, олардың әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын салықтың кез келген түрі мен сипаттамасы ретінде төлеуге жататын соманы, сондай-ақ осындай салықтарға жататын пайыздарды, әкімшілік айыппұлдар мен өндіріп алу немесе өндіріп алуды қамтамасыз ету бойынша шыққан шығындарды білдіреді.

3. Егер Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің алдындағы салық міндеттемесі осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес өндіріп алуға жататын болса және оны осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңдарына сәйкес осы кезде оны өндіріп алуға кедергі келтіре алмайтын тұлға төлеуге тиісті болса, онда мұндай салық міндеттемесі осы Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша екінші Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органдары өндіріп алыу үшін қабылданады. Мұндай салық міндеттемесін, өзінің салықтарын өндіріп алу үшін қолданатын заңнамасының ережелеріне сәйкес, осы міндеттеме осы екінші Уағдаласуши Мемлекеттің алдындағы салық міндеттемесі болып табылатындей, осы екінші Уағдаласуши Мемлекет өндіріп алады.

4. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің салық міндеттемесі, оны өндіріп алу үшін осы Уағдаласуши Мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес оған қатысты қамсыздандыру шараларын қолдануы мүмкін міндеттеме болып табылса, мұндай міндеттеме осы Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша екінші Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органы қамсыздандыру шараларын қолдану мақсаттары үшін қабылдауы тиіс. Осы екінші Уағдаласуши Мемлекет өз заңнамасының ережелеріне сәйкес осы салық міндеттемесіне қатысты қамсыздандыру шараларын, егер де тіпті осындай шараларды қолдану сәтінде осы салық міндеттемесі бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетте өндіріп алуға жатпаса да немесе оны өндіріп алуға кедергі келтіруге құқылды тұлға болып табылса да қолданады.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуінің заңнамасына сәйкес уақытша шектеулер мен басымдық тәртібі осындай міндеттеменің сипатына байланысты салық міндеттемесіне қолданылуы мүмкін болса, осы Уағдаласуши Мемлекет осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген мақсаттар үшін қабылдайтын салық міндеттемесіне қатысты қолданылмайды. Сонымен бірге, Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуі осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген мақсаттар үшін қабылдайтын салық міндеттемесіне осы Уағдаласуши Мемлекетте екінші Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасында көзделген басымдық тәртібін қолдануға болмайды.

6. Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуінің алдында салық міндеттемесінің бар-жоғын, рас екенін немесе оның мөлшерін анықтау бойынша рәсімдер екінші Уағдаласуши Мемлекеттің сот немесе әкімшілік органдарының қарауына шығарылмайды.

7. Егер Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуі осы баптың 3 немесе 4-тармақтарына сәйкес сұрау салу жібергеннен кейін және екінші Уағдаласуши Мемлекет тиісті салық міндеттемесінің оған тиесілі сомасын өндіріп алғанға және оны бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетке бергенге дейін кез келген кезде мұнданай салық міндеттемесі:

а) осы баптың 3-тармағына сәйкес сұрау салынған кезде - осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес өндіріп алуға жататын және оны осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңдарына сәйкес осы кезде өндіріп алуға кедергі келтіре алмайтын тұлғаның өтеуі тиіс болатын Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуінің алдындағы салық міндеттемесі;

б) осы баптың 4-тармағына сәйкес сұрау салынған кезде - осы Уағдаласуши Мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес оны өндіріп алу үшін қамсыздандыру шараларын қолдана алатын бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің салық міндеттемесі болып табылуын тоқтатса, -

онда бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органдары екінші Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органдарына бұл туралы дереу хабарлайды және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің қалауы бойынша бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекет өзінің сұрау салуын тоқтата тұрады немесе кері қайтарып алады.

8. Осы баптың ережелері Уағдаласуши Мемлекеттерге мынадай:

а) осы немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) қоғамдық тәртіпке қауіп төндіретін шараларды қолдану;

с) егер екінші Уағдаласуши Мемлекет әрбір нақты жағдайда өзінің заңнамасына немесе әкімшілік практикасына сәйкес өз иелігіндегі өндіріп алу немесе өндіріп аруды қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға сыйымды шараларды қабылдамаған болса, жәрдемдесу;

д) егер осындай жәрдем көрсететін Уағдаласуши Мемлекетке жүктелетін әкімшілік шығындар, нәтижесінде екінші Уағдаласуши Мемлекет алуы мүмкін артықшылықтармен мұлдем мөлшерлес келмеген жағдайда жәрдемдесу міндеттемелерін жүктеу ретінде түсіндірілмейді".

15-бап

Келісім мынадай редакциядағы 27-1-баппен толықтырылсын:

"27-1-бап Женілдіктерді шектеу

Осы Келісімнің ережелері Уағдаласуши Мемлекетке салық салудан жалтаруды болдырмау жөнінде оның ішкі заңнамасының ережелерін қолдануға кедергі келтіру ретінде түсіндірілмейді".

16-бап

Келісім мынадай редакциядағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

Уағдаласуышы Мемлекеттер өзара келісу бойынша осы Келісімге толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 29-бабына сәйкес күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделеді".

17-бап

1. Осы Хаттама осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттама:

а) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есептелеңін сомаларға, төлем көзінен өндіріп алынатын салықтарға қатысты;

б) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін басқа салықтарға қатысты қолданылады.

Осыны куәландауру үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қойғандар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Хаттамаға қол қойды.

2017 жылғы 23 наурызда Астана қаласында әркайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Озбекстан Республикасының

Үкіметі үшін